

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес есеп шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 68 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 наурызда № 10416 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 944 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 01.10.2020 № 944 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасының Заңының 32-2-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес есеп шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" құқықтық-ақпараттық жүйесіне жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 5 ақпандағы
№ 68 бұйрығымен
бекітілген

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару қағидалары

1. Осы 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 32-2-бабына сәйкес әзірленген және 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару тәртібін айқындайды.

Қағидалардың ережелері:

1) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 623-бабының талаптарына сәйкес келетін;

2) өздерінің салық міндеттемелерін орындау мәселелері бойынша халықаралық төреліктегі талқылауларға қатысатын;

3) мынадай қызмет түрлерінің біреуін немесе бірнешеуін:

жер қойнауын пайдалану;

ойын бизнесі;

акцизделетін өнім өндіру қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге қолданылмайды.

2. Қағидалар қолданысқа енгізген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мемлекеттік кіріс органдары 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару жөнінде комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрады.

Комиссия құрамына:

1) заң қызметінің;

2) салық төлеушілердің есебін және дербес шоттарын жүргізуге жауапты;

3) салық төлеушілерді тіркеуге жауапты;

4) берешекпен жұмыс үшін жауапты лауазымды тұлғалар кіреді.

Комиссияны мемлекеттік кірістер органының басшысы болып табылатын төраға басқарады.

3. Комиссияны құрған күннен бастап мемлекеттік кіріс органдары

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша

төленбеген өсімпұлдар сомасына, сондай-ақ 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2014 жылдың 1 қазанына дейінгі кезеңде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша төленген өсімпұлдар сомасын іріктеу мақсатында салық төлеушілердің дербес шоттарына түгендеу жүргізуге кіріседі.

4. Қағидалар 3-тармағында көрсетілген түгендеуді жүргізу қорытындысы бойынша Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару туралы шешім (бұдан әрі - шешім) шығарылады.

Мемлекеттік кірістер органының шешіміне комиссияның төрағасы және комиссия мүшелері қол қояды.

5. Салық төлеушілердің есебін және дербес шоттарын жүргізуге жауапты лауазымды тұлғалар шешім шығарған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару жүргізіледі.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушінің дербес шоттарында есептелген өсімпұлдар сомалары 2014 жылғы 1 қазанға дейін толық өтелген жағдайда, мұндай өсімпұлдарды есептен шығару жүргізілмейді.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген өсімпұлдар сомалары 2014 жылғы 1 қазанға дейін ішінара төленген жағдайда, 2014 жылдың 1 қаңтарына есептелген және 2014 жылғы 1 қазанға дейін төленген өсімпұл сомасы арасындағы айырма есептен шығаруға жатады.

Есептен шығару салық төлеушінің дербес шотының "Өсімпұлдар бойынша есептер" - "Есептелді (кемітілді)" бағандарында көрсету жолымен есептен шығаруға жататын өсімпұлдар сомасын, дербес шоттың "Операцияның мазмұны және оның негізінде жазба (енгізу) жүргізілетін құжат" бағанында алу белгісін көрсете отырып жүргізіледі:

"Салық төлеушінің дербес шотынан өсімпұлдар сомасын есептен шығару туралы 2015 жылғы "___" _____ № ___ шешім".

6. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттері 2015 жылдың 10 шілдесінен кешіктірмейтін мерзімде Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару туралы есеп тапсырады.

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару қағидаларына

1-қосымша

Нысан

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару туралы № ___ шешім

(мемлекеттік кірістер органының атауы) 20__ ж. "___" _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 32-2-бабына сәйкес 2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша дербес шоттарда есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасы есептен шығарылсын:

теңге

р/с №	Салық төлеушінің ЖСН/БСН	Салық төлеушінің СТН-і (ЖСН/БСН болмаған жағдайда)	Салық төлеушінің атауы	БСК	2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша есептелген өсімпұлдар сомасы	2014 жылғы 1 қаңтардан 2014 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде төленген өсімпұлдар сомасы	Есептен шығаруға жататын өсімпұлдар сомасы (6-баған - 7-баған)
1	2	3	4	5	6	7	8
	Барлығы	X	X	X			

Мемлекеттік кірістер органының басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты, (ол болған жағдайда), қолы, мөр)

Комиссия мүшелері _____

(тегі, аты, әкесінің аты, (ол болған жағдайда), қолы)

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару қағидаларына

2-қосымша

Нысан

2014 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық төлеушілердің дербес шоттарында есептелген және 2014 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару туралы есеп

20__ ж. " __ " _____

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

р/с №	Мемлекеттік кірістер органының коды	Салық төлеушінің ЖСН/БСН	Салық төлеушінің СТН-і (ЖСН/БСН болмаған жағдайда)	Салық төлеушінің атауы	БСК	Есептен шығару туралы шешім (№ мен күні)	Дербес шотта өсімпұлдар сомасы есептен шығарылды (теңге)	Есептен шығаруды орындаушының аты-жөні	Есептен шығаруды орындаушының лауазымы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Барлығы	X	X	X	X	X		X	X

Мемлекеттік кірістер органының басшысы (орынбасары) _____

(тегі, аты, әкесінің аты, (ол болған жағдайда), қолы, мөр)